



М.Тынышбаев атындағы көлік инженериясы және логистика мектебі
«Логистика» бағыты

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

8D11301 Көлік қызметтері






Білім беру саласының коды және жіктелуі: **8D11 Қызмет көрсету**
Дайындық бағыттарының коды және жіктелуі: **8D113 Көлік қызметтері**
Білім беру бағдарламаларының тобы: **D147 Көлік қызметі**
ҰБШ бойынша деңгей: **8**
СБШ бойынша деңгей: **8**
Оқу мерзімі: **3**
Кредиттер көлемі: **180**

Алматы 2025

8D11301 «Көлік қызметтері» Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ Ғылыми кеңесінің отырысында бекітілді.
2025 жылғы «06» наурыз №10 хаттама

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дың Оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында қаралып, бекітуге ұсынылды
2024 жылғы «20» желтоқсан №3 хаттама

8D11301 «Көлік қызметтері» білім беру бағдарламасы 8D113 «Көлік қызметтері» бағыты бойынша академиялық комитетте әзірленді.

Тегі, аты-жөні	Ғылыми дәрежесі/ ғылыми атағы	Лауазымы	Жұмыс орны	Қолы
Академиялық комитет төрағасы:				
Бектилезов Алдаберген Юсупович	PhD	И.о. руководителя	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ	
Профессор-оқытушылар құрамы:				
Бекжанова Сауле Ертаевна	Техника ғылымдарының докторы, профессор	Профессор	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ	
Муханова Гульмира Самудиновна	Техника ғылымдарының кандидаты, доцент	Профессор	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ	
Тымбаева Жазира Муратбековна	Экономика ғылымдарының кандидаты	Қауымдастырылған профессор	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ	
Избаирова Алия Сериковна	Техника ғылымдарының кандидаты, доцент	Қауымдастырылған профессор	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ	
Киселева Ольга Геннадьевна	Техника ғылымдарының кандидаты	Қауымдастырылған профессор	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ	
Жұмыс берушілер:				
Тансыккожин Айдос Даулетович	-	Бас Директор	ТОО «ZhebeLogistics», мобильный телефон: +77007944106	
Шарубеков Мурат Несипбекович	Техника ғылымдарының кандидаты	Бас директордың кеңесшісі	ТОО «Азурит Рэйлуэй Солюшинс», мобильный телефон: +77017334911	
Білім алушылар				
Сейділда Шұғыла	-	2 курс студенті	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ	

Мазмұны

Қысқартулар мен белгілердің тізімі	4
1. Білім беру бағдарламасының сипаттамасы	5
2. Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері	7
3. Білім беру бағдарламасын оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар	10
4. Білім беру бағдарламасының паспорты	11
4.1. Жалпы мәліметтер	11
4.2. Білім беру бағдарламасы мен оқу пәндері бойынша қалыптасқан оқыту нәтижелеріне қол жеткізудің өзара байланысы	14
5. Білім беру бағдарламасының оқу жоспары	21

Қысқартулар мен белгілердің тізімі

ББ – білім беру бағдарламасы
ҰБШ – ұлттық біліктілік шеңбері
СБШ – салалық біліктілік шеңбері
ТДМ – Тұрақты даму мақсаттары

1. Білім беру бағдарламасының сипаттамасы

"8D11301-көлік қызметтері" БББ халықаралық, мемлекеттік, ғылыми-зерттеу, ғылыми-педагогикалық, жобалау-конструкторлық және жобалау-технологиялық мекемелерде, сондай-ақ өнеркәсіптік компанияларда, ұлттық шаруашылықтың көлік саласының өңірлік көлік кластерлік ұйымдарында еңбек қызметін жүзеге асыра алатын, инновациялық, ұйымдастырушылық қызметті көлік қызметтері саласындағы басқару және ғылыми-педагогикалық дағдылар негізінде жүзеге асыра алатын маман даярлауға бағытталған.

Білім беру бағдарламасы бірнеше Тұрақты даму мақсаттарымен (ТДМ) тікелей байланысты, себебі көлік экономикада, әлеуметтік интеграцияда және экологияда шешуші рөл атқарады.

Негізгі ТДМ, сәйкес келетін ОП 8D11301 – «Көлік қызметтері»:

- **ТДМ 4 – Сапалы білім беру.** Көлік қызметтері саласында білікті мамандар даярлау заманауи білімге, дағдыларға және технологияларға қолжетімділікті кеңейтеді, сондай-ақ пәнаралық құзыреттерді (логистика, IT, сервис және т.б.) қалыптастырады.
- **ТДМ 8 – Лайықты еңбек және экономикалық өсу.** Көлік қызметтерін дамыту экономикаға серпін береді, халықтың мобильділігін арттырады және жаңа жұмыс орындарын ашады. Бағдарлама түлектері тасымалдау, логистика және сервис салаларында еңбек етуге дайындалады.
- **ТДМ 9 – Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым.** Көлік қызметтері заманауи инфрақұрылымды дамыту және инновацияларды енгізумен (цифрландыру, интеллектуалды көлік жүйелері, көліктегі және логистикадағы IT) тығыз байланысты. Бағдарламада көлік процесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тұрақты әрі интеллектуалды шешімдерге баса назар аударылған.
- **ТДМ 11 – Тұрақты қалалар мен елді мекендер.** Көлік тұрақты қалалық мобильділіктің негізгі элементі болып табылады. Көлік қызметтері саласында мамандар даярлау экологиялық таза, қауіпсіз және қолжетімді көлікті дамытуға, кептелістер мен зиянды қалдықтарды азайтуға ықпал етеді.
- **ТДМ 12 – Жауапты тұтыну мен өндіріс.** Оқу жоспарына көлік және логистикалық үдерістерді оңтайландыру, энергия тиімділігі және көлік қызметтерінің экологиялық аспектілері енгізілген.
- **ТДМ 13 – Климаттың өзгеруімен күрес.** Бағдарламада көліктің көміртекті ізін азайту, балама отын түрлеріндегі көлік құралдары мен көлік технологияларын дамыту мәселелері қарастырылған.

Кәсіби қызмет саласы: қозғалыс теориясындағы байланыстар мен заңдылықтарды зерттейтін, жерүсті көлігін есептеу, жобалау, сынақтан өткізу және пайдалануды қамтитын ғылым мен техника салалары; жаңа техника үлгілерін жасау және қолданыстағысын жетілдіру міндеттерін шешу; жоғары және орта кәсіптік білім беру.

Кәсіби қызмет объектілері:

- мемлекеттік және білім беру ұйымдары;
- ұлттық және салалық ғылым академиялары, ғылыми ұйымдар;
- ғылыми-зерттеу институттары, зерттеу университеттері, жоғары оқу орындарының ғылыми зертханалары;
- тәжірибелік-конструкторлық бюролар, ұжымдық пайдаланымдағы зертханалар;
- негізгі қызметі ғылым немесе ғылыми-техникалық жұмыс болып табылмайтын ұйымдардың ғылыми-зерттеу бөлімшелері;
- көлік, көлік техникасы және көлік-коммуникация кешені кәсіпорындары.

Кәсіби қызмет түрлері:

- ғылыми-зерттеу;
- ғылыми-педагогикалық;
- өндірістік-технологиялық;
- ұйымдастырушылық-басқарушылық;
- жобалық-технологиялық.

Кәсіби қызмет функциялары:

1. ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-зерттеу жұмыстарын жоспарлау;
2. ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-зерттеу жұмыстарын орындау;
3. оқыту: оқу ақпаратын жеткізу, білімді өздігінен игеруге үйрету;
4. тәрбиелеу: білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне баулу;
5. әлеуметтік-коммуникативтік: кәсіби қауымдастықпен және білім беру ісіндегі барлық мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу.

Маманның атқаратын лауазымдарының тізімі:

- ғылыми қызметкер;
- профессор, қауымдастырылған профессор, доцент, аға оқытушы;
- білім саласындағы менеджер;
- зерттеуші;
- конструктор;
- зауыттарда, көлік пен көлік техникасын өндіру, жөндеу және пайдалану кәсіпорындарында әртүрлі учаске басшылары.

2. Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

БББ мақсаты: Инновациялық шешімдер қабылдау, көлік ағыны мен процестерді басқару саласындағы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін талдау және болжау үшін әдістемелік білімі мен кәсіби құзыреттілігі бар жоғары білікті ғылыми-педагогикалық және басқарушылық кадрларды даярлау.

БББ міндеттері:

- әлемдік деңгейде бәсекеге қабілеттілігінің жоғары дәрежесіне ие ұлттық экономиканы қалыптастыру үшін отандық еңбек нарығын жоғары білікті ғылыми кадрлармен қамтамасыз ету;
- дүниетанымдық деңгейде терең трансформация жағдайында жүйелі және сыни ойлауға қабілетті жаңа буын ғалымдарын қалыптастыру;
- жалпы қоғам игілігі үшін ғылыми ойдың үздіксіз дамуын қамтамасыз ететін ортаның дамуы;
- отандық және әлемдік ғылымның, практиканың соңғы жетістіктерін ескере отырып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру, білім беру қызметін жүргізуді ұйымдастыру;
- әлемдік білім беру және ғылыми кеңістікте ашық және өзара тиімді ынтымақтастық мақсатында жақын және алыс шетелдердің жетекші университеттерімен тұрақты серіктестік қатынастарды қалыптастыру.

Зерттеушілік практика

Зерттеушілік практика – докторанттың теориялық-әдіснамалық дайындығын тереңдету және жүйелеуге, ғылыми-зерттеу қызметінің технологиясын іс жүзінде меңгеруге, PhD докторы деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес ғылыми-эксперименттік жұмысты орындау үшін практикалық дағдыларды жетілдіруге бағытталған ғылыми-зерттеу қызметінің түрі.

Зерттеушілік практика тыңдаушыларды отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, қазіргі заманғы ғылыми зерттеу әдістерімен, тәжірибелік деректерді өңдеу және интерпретациялау тәсілдерімен таныстыру мақсатында өткізіледі. Практиканың мазмұны диссертациялық зерттеу тақырыбымен анықталады.

Докторанттың зерттеушілік практикасы оқу орнында немесе диссертациялық жұмыстың тақырыбына сәйкес зерттеу жүргізуге мүмкіндік беретін ғылыми ұйымдарда жүзеге асырылады. Практика барысында докторанттар алдын ала жасалған бағдарламаға сәйкес ғылыми-эксперименттік зерттеулер жүргізеді, ол докторлық диссертацияның міндеттерін ескереді.

Педагогикалық практика

Докторанттардың педагогикалық практикасы – болашақ оқытушыларды кәсіби қызметке барынша жақын жағдайда даярлау үдерісі. Бұл практика функционалдық құзыреттерді қалыптастыруға, кәсіби және білім беру саласындағы міндеттерді орындау қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Педагогикалық практика барысында докторанттар білім алушылар тобымен жұмыс жоспарын құрады және жүзеге асырады, бейіндік пәндер мазмұнына

негізделген сабақтар жүйесін әзірлейді және өткізеді, заманауи оқыту технологиялары мен әдістемелерін меңгергенін көрсетеді.

Педагогикалық практиканың мақсаты:

- жалпығылыми, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік, базалық және бейіндік пәндер бойынша білімді бекіту және тереңдету;
- теориялық білімдер негізінде педагогикалық іскерліктерді, дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру.

Программаны кафедра әзірлейді және Академиялық мәселелер жөніндегі проректор бекітеді.

Практика барысында қалыптасатын негізгі құзыреттер:

- оқыту және тәрбиелеу үдерісінің негізгі компоненттерін жоспарлау, болжау, талдау;
- оқу-танымдық, еңбек, қоғамдық, экологиялық, сауықтыру, ойын және басқа да іс-әрекет түрлерін ұйымдастыру әдістерін пайдалану;
- білім алушылардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, оларға жеке тұлғалық тұрғыдан қарау;
- педагогикалық үдерістің жағдайын диагностикалау.

Практиканың базалары – орта кәсіптік және жоғары білім беретін ұйымдар. Оның ұзақтығы 8D071 – «Инженерия және инженерлік іс» кадрларын даярлау бағыты бойынша оқу жоспарына сәйкес анықталады

Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы (НИРД)

НИРД-тың апта бойынша ұзақтығы докторанттың апталық жұмыс уақытына сәйкес анықталады. Әр академиялық кезеңге бөлінген кредит саны жұмыс оқу жоспарымен белгіленеді.

НИРД-қа қойылатын талаптар:

1. Докторантура бағдарламасының негізгі проблематикасына сәйкес болуы;
2. Өзектілікке, ғылыми жаңалыққа және практикалық маңызға ие болуы;
3. Ғылым мен тәжірибенің қазіргі теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделуі;
4. Компьютерлік технологияларды қолдана отырып, деректерді өңдеу және интерпретациялаудың заманауи әдістеріне сүйенуі;
5. Қазіргі заманғы ғылыми-зерттеу әдістерін пайдалануы;
6. Қорғалатын негізгі тұжырымдарға қатысты ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерді қамтуы.

Докторлық диссертация НИРД кезеңінде орындалады.

НИРД-тың

мақсаты:

Докторантты ғылыми таным әдіснамасын меңгерген, заманауи өндіріс проблемаларын зерттеуде ғылыми әдістерді қолдана алатын, нәтижесінде докторлық диссертация жазып, сәтті қорғауға дайын маман ретінде қалыптастыру.

НИРД міндеттері:

- кең ауқымды іргелі білімдерге ие жоғары білікті мамандар даярлау;

- докторанттардың теориялық тұжырымдамаларды сыни тұрғыдан талдау, меңгеру және оларды тәжірибеге енгізу қабілеттерін дамыту, нәтижелерін халықаралық деңгейде апробациялау;
- кәсіби өсуге, өзін-өзі дамытуға, жаңа білімді өмір бойы шығармашылықпен игеруге қабілеттілікті қалыптастыру.

НИРД нәтижесінде докторанттар мыналарға дайын болуы тиіс:

- зерттеу саласын жүйелі түрде түсіну, зерттеу әдістерін меңгеру;
- ғылыми зерттеу процесін жоспарлау, әзірлеу, жүзеге асыру және түзету;
- ғылыми саланың шекарасын кеңейтетін түпнұсқа зерттеулер жүргізу және оны ұлттық не халықаралық деңгейде жариялау;
- жаңа идеяларды сыни тұрғыдан талдау, бағалау және синтездеу;
- ғылыми қауымдастықпен және қоғаммен білімін бөлісу;
- білімге негізделген қоғамның дамуына үлес қосу

Шетелдік ғылыми тағылымдама

Докторанттардың шетелдік ғылыми тағылымдамасы – PhD докторларын даярлаудың маңызды бөлігі, ол диссертациялық зерттеулер аясында, жетекші шетелдік ЖОО-ларда және зерттеу орталықтарында өткізіледі.

Тағылымдаманың мақсаттары:

- докторлық диссертация міндеттерін орындау;
- инновациялық технологиялар мен жаңа өндіріс түрлерімен танысу;
- отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктерімен танысу;
- заманауи ғылыми зерттеу әдістерін меңгеру, деректерді өңдеу және интерпретациялау;
- теориялық білімді бекіту, практикалық дағдылар мен құзыреттерді игеру, кәсіби тәжірибе жинақтау және шетелдік озық тәжірибені үйрену.

Шетелдік тағылымдамадан өтпеген докторант қорытынды аттестацияға жіберілмейді.

3. Білім беру бағдарламасын оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар

Докторантураның білім беру бағдарламасын меңгерген және докторлық диссертациясын қорғаған тұлғаларға диссертациялық кеңестің (ерекше мәртебесі бар ЖОО-ның) немесе Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің сараптама нәтижелері бойынша оң шешімі қабылданған жағдайда философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі беріледі және мемлекеттік үлгідегі диплом қосымшасымен (транскрипт) қоса тапсырылады. PhD докторы дәрежесін алған тұлғалар ғылыми білімді тереңдету, ғылыми және қолданбалы міндеттерді шешу мақсатында постдокторлық бағдарламаны орындайды немесе университет таңдаған жетекші ғалымның басшылығымен ғылыми зерттеулер жүргізеді.

Оқушылар КЭД-ке (компьютерлік білім беру дерекқоры), оқу жоспарларына, силлабустарға университет сайтында еркін қол жеткізе алады, сондай-ақ университет пен кафедра сайттарында орналастырылған оқу пәндерінің презентацияларымен танысу мүмкіндігіне ие (<http://portal.kaznitu.kz/?q=ru/node/1442>).

Базалық пәндер циклі кәсіби білім берудің негізі болып табылады. **Профильдік пәндер циклі** арнайы инженерлік білімдерді терең теориялық тұрғыда меңгеруді және олардың тәжірибелік қолданылуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Докторанттың қорытынды аттестациясы докторлық диссертация жазу және қорғау түрінде өткізіледі.

Қорытынды аттестацияның мақсаты – докторанттың ғылыми-теориялық және зерттеушілік-талдамалық деңгейін, қалыптасқан кәсіби және басқарушылық құзыреттерін, кәсіби міндеттерді дербес орындауға дайындығын және оның даярлығының докторантураның білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкестігін бағалау.

Қорытынды аттестацияға докторантураның білім беру бағдарламасының, жұмыс оқу жоспары мен жұмыс оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес оқу үдерісін аяқтаған, сондай-ақ диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша алдын ала қорғаудан (кеңейтілген отырыстан) өткен білім алушылар жіберіледі.

4. Білім беру бағдарламасының паспорты

4.1. Жалпы мәліметтер

№	Өріс атауы	Ескертпе
1	Білім беру саласының коды және жіктемесі	8D11 Қызмет көрсету
2	Дайындық бағыттарының коды және жіктемесі	8D113 Көлік қызметтері
3	Білім беру бағдарламаларының тобы	D147 Көлік қызметі
4	Білім беру бағдарламасының атауы	8D11301 Көлік қызметтері
5	Білім беру бағдарламасының қысқаша сипаттамасы	"8D11301-көлік қызметтері" БББ халықаралық, мемлекеттік, ғылыми-зерттеу, ғылыми-педагогикалық, жобалау-конструкторлық және жобалау-технологиялық мекемелерде, сондай-ақ өнеркәсіптік компанияларда, ұлттық шаруашылықтың көлік саласының өңірлік көлік кластерлік ұйымдарында еңбек қызметін жүзеге асыра алатын, инновациялық, ұйымдастырушылық қызметті көлік қызметтері саласындағы басқару және ғылыми-педагогикалық дағдылар негізінде жүзеге асыра алатын маман даярлауға бағытталған.
6	БББ мақсаты	Инновациялық шешімдер қабылдау, көлік ағыны мен процестерді басқару саласындағы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін талдау және болжау үшін әдістемелік білімі мен кәсіби құзыреттілігі бар жоғары білікті ғылыми-педагогикалық және басқарушылық кадрларды даярлау.
7	БББ түрі	Жаңа БББ
8	ҰБШ бойынша деңгей	8
9	СБШ бойынша деңгей	8
10	БББ айрықша ерекшеліктері	жоқ
11	Білім беру бағдарламасы құзыреттерінің тізбесі:	<ul style="list-style-type: none"> - заманауи ұлттық білім беру стратегиясына сәйкес әлемдік және ұлттық білім беру кеңістігінің қазіргі заманғы үрдістерінің парадигмасында ғылыми қызметті жүзеге асыра білу; - қазіргі заманғы білім беру стратегиясына сәйкес оқыту мен тәрбиелеу процесін динамикалық жүйе ретінде ұйымдастыра алу; - заманауи ғылыми жетістіктерді сыни тұрғыдан талдау және бағалау, зерттеу және практикалық, оның ішінде пәнаралық салалардың міндеттерін шешу кезінде жаңа идеяларды генерациялай білу; - көлік қызметтері мен көлік ағындары саласындағы білімді пайдалана отырып, тұтас жүйелі ғылыми дүниетаным негізінде кешенді, оның ішінде пәнаралық зерттеулерді жобалау және жүзеге асыра алу; - ғылыми және ғылыми-білім беру міндеттерін шешу бойынша қазақстандық және халықаралық зерттеу

		<p>ұжымдарының жұмысында ғылыми жобаларды іске асыра алу;</p> <p>- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, кәсіби қызметтің стандартты міндеттерін шеше білу;</p> <p>- стратегиялық және креативті ойлау, сондай-ақ стандартты емес мәселелер мен жағдайларды шешуге шығармашылық тұрғыдан қарай білу;</p>
12	Білім беру бағдарламасын оқыту нәтижелері:	<p>1. Көліктік жүйелердің, желілердің, процестер мен ағындардың жұмысын жүйелік талдау және болжау әдістерін қолдана отырып, көлік ғылымының теориялық және қолданбалы зерттеу мәселелерін шешу</p> <p>2. Заманауи ақпараттық технологияларды қолдана отырып, көлік кәсіпорындарын, желілері мен ағындарын басқару бойынша теориялық және эксперименттік зерттеулерді жоспарлау және жүргізу</p> <p>3. Көлік-логистикалық жүйелер мен желілердің, көлік ағындары мен логистикалық орталықтардың жұмысының тұжырымдамалық және имитациялық модельдерін құра білу, құрылған модельдер бойынша эксперименттік зерттеулер жүргізу, эксперименттердің нәтижелерін талдау және модельдің оңтайлы көрсеткіштерін анықтау</p> <p>4. Жүк жеткізу желілері, қойма жүйелері мен көлік-технологиялық маршруттарды жобалау әдістемесі мен әдістерін білу</p> <p>5. Ғылыми зерттеулер жүргізудің әдіснамасы мен негізгі теориялық қағидалары, практикалық әдістері және ғылыми деректер, ақпаратты іздеу, талдау және өңдеу дағдылары мен зияткерлік меншікті халықаралық деңгейде қорғау құқықтары бойынша білімді меңгеру</p> <p>6. Тұрақты даму мақсаттарына және қазіргі заманғы ғылыми-зерттеу тәсілдеріне сәйкес көлік жүйелері мен желілерінің қызметін жобалау, жетілдіру мен қайта ұйымдастыру жұмыстарды жөніндегі жүзеге асыру және реинжиниринг негізінде көлік кәсіпорындарын дамыту жобалары мен бағдарламаларын әзірлеу.</p> <p>7. Патенттік іздеу жүргізу, зерттелетін тақырып бойынша ғылыми-техникалық ақпаратты, отандық және шетелдік тәжірибені зерделеу және талдау</p> <p>8. Ғылыми зерттеулерде қолдану мақсатында көлік логистикасы мен көлік кешендерін басқару саласындағы заманауи инновациялық және цифрлық технологиялармен жұмыс істеу дағдыларына ие болу</p> <p>9. Зерттеу жұмысын орындау барысында әр түрлі деңгейде академиялық және ғылыми мәтіндер жазу дағдыларын көрсет, білім, ғылым және инновациялардың интеграциясын ескере отырып, оқу пәндері бойынша оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу.</p>
13	Оқыту түрі	күндізгі
14	Оқу мерзімі	3
15	Кредиттер көлемі	180
16	Оқыту тілдері	Орыс, қазақ, ағылшын

17	Берілетін академиялық дәреже	Доктор
18	Өзірлеуші (лер) мен авторлар:	Муханова Гульмира Самудиновна, Имашева Гульнар Махмутовна

4.2. Білім беру бағдарламасы мен оқу пәндері бойынша қалыптасқан оқыту нәтижелеріне қол жеткізудің өзара байланысы

№	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)								
				ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9
Базалық пәндер циклі ЖОО компоненті												
1	Академиялық жазу	Мақсаты: инженерлік және жаратылыстану ғылымдарының докторанттарында академиялық жазу дағдылары мен жазу стратегиясын дамыту. Мазмұны: академиялық жазудың негіздері мен жалпы принциптері, соның ішінде: тиімді сөйлемдер мен абзацтар жазу, аңдатпа жазу, кіріспе, талқылау, қорытынды, пайдаланылған әдеби көздер; мәтінде дәйексөз келтіру; плагиаттың алдын алу, сондай-ақ конференцияда презентация жасау.	5									v
2	Ғылыми зерттеу әдістері	Мақсаты: ғылымометрияның заманауи әдістерін қолдана отырып, ғылыми зерттеулерді ұйымдастырудың және басқарудың заңдары,	5	v				v		v		v

		<p>принциптері, тұжырымдамалары, терминологиясы, мазмұны, ерекшеліктері туралы білімді игеруден тұрады. Мазмұны: техникалық ғылымдардың құрылымы, ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру принциптерін, қазіргі ғылымның әдіснамалық ерекшеліктерін, ғылым мен ғылыми зерттеулердің даму жолдарын, техникалық ғылымдардың, информатиканың және инженерлік зерттеулердің теория мен практикадағы рөлін жалпы ғылыми, философиялық және арнайы ғылыми зерттеу әдістерін қолдану.</p>										
<p>Базалық пәндер циклі Таңдау компоненті</p>												
3	Көліктік-логистикалық жүйелерді имитациялық модельдеу	<p>Оқыту мақсаты: докторанттардың имитациялық модельдеу теория туралы білімді игеруі: нұсқаларды құру, эксперименттерді жоспарлау, нұсқаларды салыстыру, нұсқаларды бағалау, нұсқаларды таңдау. Курстың / пәннің мазмұны:</p>	5			v						

		көлік жүйесінің тұжырымдамалық моделін құру. Көлік және өндірістік логистика саласындағы модельдеу зерттеулері: - проблемаларды талдау; - деректер жинау; - тұжырымдамалық және имитациялық модельдерді әзірлеу; - экспериментті жоспарлау, орындау және бағалау; - нәтижелерді түсіндіру және ұсыну											
4	Зияткерлік меншік және әлемдік нарық	<p>Мақсаты: зияткерлік меншік құқығы саласындағы оның әлемдік нарықтағы даму тенденцияларын талдай және болжай алатын, зияткерлік меншікті қорғау және коммерцияландыру стратегиясын әзірлей алатын мамандарды даярлау.</p> <p>Мазмұны: зияткерлік меншіктің жаһандық аспектілері және оның халықаралық сауда және экономикадағы рөлі, халықаралық келісімдер мен конвенцияларды талдау, интеллектуалдық меншікті басқару стратегиялары, әртүрлі юрисдикциялардағы зияткерлік меншік</p>	5					v					

		құқықтарын қорғау және бұзу жағдайлары.										
5	Көліктік-логистикалық қызметтің цифрлық технологиялары	<p>Пәннің мақсаты - көлік-логистикалық жүйелердің, логистикалық процестер мен жабдықтау тізбегін басқарудың жұмысын зерттеу үшін заманауи ақпараттық жүйелер мен технологияларды қолдану дағдыларын игеру.</p> <p>Мазмұны: көлік жүйелері мен ағындарын басқарудағы ақпараттық жүйелер мен инновациялық технологиялар. Спутниктік байланыс және навигациялық жүйелер, тауар мен көлік ағындарын іздеу және бақылау. RFID жүйелері. BigData, Blockchain, Internet Of Things технологиялар.</p>	5		v							v
Бейіндеуші пәндер циклі												
Таңдау компоненті												
6	Жеткізу тізбегін басқарудағы және оларды зерттеудегі жаһандық трендтер	Жеткізу тізбегін басқару идеологиясының дамуының негізгі тенденциялары. DRM тұжырымдамасының дамуын анықтайтын негізгі факторлар мен драйверлер. Жеткізу тізбегін цифрлық түрлендірудің әдістемелік аспектілері. Олардың	5	v				v				v

		жеткізу тізбегіндегі цифрлық технологиялар. Логистика және SRM саласындағы жетекші компаниялардың озық тәжірибесі. Жеткізу тізбегін сегменттеу, тұтынушыға бағытталған бизнес, жеткізу тізбегінің тұрақтылығын, динамизмін және ашықтығын арттыру мәселелері.										
7	Көліктік-логистикалық жүйелер мен процестерді жобалау әдістемесі	Курстың мақсаты - көлік процестері мен жүйелерін зерттеу, жобалау және модельдеу бойынша білімдер мен дағдыларды қалыптастыру. Курстың / пәннің мазмұны: Көлік процестері мен жүйелерін жобалаудың әдіснамалық негіздері. Жобалауды ақпараттық қамтамасыз ету. Көлік процестерін модельдеу. Жүктерді жеткізу желілерін, қойма жүйелерін, көлік құралдарын, көлік және технологиялық маршруттарды жобалау әдістемесі мен әдістері; күрделі көлік-логистикалық жүйелер мен жабдықтау тізбектеріндегі ресурстар	5		v	v	v					

		ағындарын (тауарлар, материалдар, ақпарат және т.б.) жоспарлау, орындау және бақылау; соңғы пайдаланушыға көліктік қызмет көрсету өндірісіндегі қосымша құнды басқару мәселелері; көлік жүйесіндегі логистикалық үйлестіру мәселелері. Қалалық / аймақтық автомобиль көлігі маршруттарын жобалау.										
8	Көліктік логистикадағы реинжиниринг	Курстың мақсаты - көлік жүйелерінің бизнес-процестерін жаңарту дағдыларын алу. Курстың / пәннің мазмұны: Көлік жүйелеріндегі көлік процесін оңтайландырудың теориялық алғышарттары. Реинжиниринг әдістемесі. Көлік жүйелерінің тұрақты құрылғыларының қуаттары мен көрсеткіштерін және олардың сыйымдылығын оңтайландыру. Әр түрлі көлік түрлерінің өзара әрекеттесуін жедел басқару жүйесін жетілдіру. Әр түрлі көлік түрлерінің оңтайлы өзара әрекеттесу салалары және олардың бәсекеге қабілеттілігін дамыту.	5					v				

9	Көлік жүйелерін жүйелік талдау	<p>Мақсаты: көлік ағындары мен жүйелерді жүйелік талдау және болжау негіздері туралы теориялық білімдер кешенін қалыптастыру. Мазмұны: Жүйелік талдау жалпы жүйелік теорияның әдіснамасы ретінде. Жүйелік талдаудың негізгі принциптері, міндеттері мен функциялары және оларды көлік жүйесін зерттеуде қолдану. Көлік ағындарын жүйелік талдау және болжау модельдері мен әдістері; уақыт жүйелері және көлік жүйелерін зерттеудегі болжау әдістері.</p>	5	v								
---	--------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---	---	--	--	--	--	--	--	--	--

5. Білім беру бағдарламасының оқу жоспары

"Қ. И. СӨТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ"
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



«Қ.И.Сөтбаев атындағы ҚазҰТЗ» КәАҚ
Ғылыми кеңесінің шешімі
06.03.2025 жылғы №10 хаттамасымен
«БЕКТІЛДІ»

ОҚУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Оқу жылы

2025-2026 (Құр, Көктем)

Білім беру бағдарламаларының тобы

D147 - "Кәсіп қызметі"

Білім беру бағдарламасы

8D11301 - "Кәсіп қызметтері"

Берілетін академиялық дәреже

PhD философия докторы

Оқу мерзімі және формасы

күндізгі (ғылыми-педагогикалық бағыт) - 3 жыл

Пәнін коды	Пәнінің атауы	Блок	Цикл	Академиялық кредиттің жалпы көлемі	Барлық сағаттар	дәріс/сабақ/ Аудиторлық сағаттар	сағатпен СӨЖ (оның ішінде СӨӨЖ)	Бақылау түрі	Аудиторлық сабақтарды курстар мен семестрлер бойынша бөлу						Пререквизиттік
									1 курс		2 курс		3 курс		
									1 сем	2 сем	3 сем	4 сем	5 сем	6 сем	
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР ЦИКЛІ (ЖБП)															
БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛІ (БП)															
М-1. Негізгі дайындық модулі)															
MEF322	Ғылыми зерттеу әдістері		БП, ЖООК	5	150	30/0/15	105	E	5						
LNG305	Академиялық хат		БП, ЖООК	5	150	0/0/45	105	E	5						
TRA301	Кәсіптік-логистикалық қызметтің цифрлық технологиялары	1	БП, ТК	5	150	30/15/0	105	E	5						
TRA303	Кәсіптік-логистикалық жүйелерді интеграциялық модельдеу	1	БП, ТК	5	150	30/15/0	105	E	5						
MNG349	Зантарлық мәнер және әлемдік нарық	1	БП, ТК	5	150	30/0/15	105	E	5						
М-3. Тәжірибеге бағытталған модуль															
AAP350	Педагогикалық практика		БП, ЖООК	10				E		10					
ПРОФИЛЬДІК ПӘНДЕР ЦИКЛІ (ПП)															
М-2. Бейімдік дайындық модулі (таңдау пәндері)															
TRA302	Кәсіптік-логистикадағы ренессансизм	1	ПП, ТК	5	150	30/0/15	105	E	5						
TRA304	Кәсіптік-логистикалық жүйелер мен процестерді жобалау әдістемесі	1	ПП, ТК	5	150	30/0/15	105	E	5						
TRA300	Кәсіп жүйелерін жүйелік талдау	2	ПП, ТК	5	150	30/0/15	105	E	5						
LOG300	Жеткізу тізбегін басқаруды және оларды зерттеудің жаһандық трендтер	2	ПП, ТК	5	150	30/0/15	105	E	5						
М-3. Тәжірибеге бағытталған модуль															
AAP355	Зерттеу практикасы		ПП, ЖООК	10				E		10					
М-4. Ғылыми-зерттеу модулі															
AAP336	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, соның ішінде стажировкадан өту және докторлық диссертацияны орындау		ДҒЖ	5				E	5						
AAP347	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, соның ішінде стажировкадан өту және докторлық диссертацияны орындау		ДҒЖ	20				E		20					
AAP347	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, соның ішінде стажировкадан өту және докторлық диссертацияны орындау		ДҒЖ	20				E			20				
AAP356	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, соның ішінде стажировкадан өту және докторлық диссертацияны орындау		ДҒЖ	30				E			30				
AAP356	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, соның ішінде стажировкадан өту және докторлық диссертацияны орындау		ДҒЖ	30				E				30			
AAP348	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, соның ішінде стажировкадан өту және докторлық диссертацияны орындау		ДҒЖ	18				E						18	
М-5. Қорытынды аттестаттау модулі															
ECA325	Қорытынды аттестация (докторлық диссертацияны жазу және қорғау)		ҚА	12										12	
УНИВЕРСИТЕТ бойынша жалпы:															
									30	30	30	30	30	30	
									60	60	60	60	60	60	

**«Қ.И. СӨТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

Барлық оқу кезеңіндегі кредиттер саны

Цикл коды	Пәндер индексі	Кредиттер			
		міндетті компонент (МК)	ЖОО компоненті (ЖООК)	таңдау компоненті (ТК)	Барлығы
ЖББП	Жалпы білім беретін пәндер циклі	0	0	0	0
БП	Базалық пәндер циклі	0	20	5	25
ПП	Профильдік пәндер циклі	0	10	10	20
Теориялық оқыту бойынша барлығы:		0	30	15	45
ДГЭЖ	Докторанттық ғылыми-зерттеу жұмысы				123
ДЭЭЖ	Докторанттық эксперименттік-зерттеу жұмысы				0
ҚА	Қорытынды аттестілеу				12
ЖИНЫ:					180

Қ.И.Сотбаев атындағы ҚазҰТУ Оқу-әдістемелік кеңесінің шешімі 20.12.2024 жылғы № 3 Хаттама

Институт Ғылыми кеңесінің шешімі, 29.11.2024 жылғы № 3 Хаттама

Қол қойылды:

Басқарма мүшесі - Академиялық мәселелер жөніндегі
проректор

Усенов Р. К.

Келісіді:

Академиялық даму жөніндегі Vice-Prorost

Калышева Ж. Б.

Бөлім басшысы - БББ басқару және оқу-әдістемелік
жұмыс бөлімі

Жумағалиева А. С.

Жетекші - "Жолау инженериясы және логистика" мектебі

Абдуллаев С. С.

Кафедра меңгерушісі - Логистика

Бектөлепов А. Ю.

Жұмыс берушілер арасындағы академиялық комитеттің өкілі

Шарубенов М. Н.

Таныстырылған

